



Суретте: Анна Орынбайқызы

Қазіргі кезде әдебиет әлемінде «бестселлер» (ең танымал кітап және ең көп сатылған кітап) деген термин пайда болды. 1889 жылдан қолданысқа енген бұл термин белгілі бір кітаптың әлемдегі танымалдығын білдіреді. Мысалы, кино әлемінде ең танымал кино «блокбастер», музыка әлемінде ең танымал музыкалық шығарма «хит» деп аталса, ал әдебиет әлеміндегі ең танымал кітап «бестселлер» деп аталады. Бүгінде осы бестселлер кітаптардың тізімін «көркем әдеби шығармалар» және «көркем әдеби шығармалар емес» деп екіге бөледі.

Осы орайда кітапханаға келіп түскен көркем әдеби шығармалардың ішінде француздықтанымал жазушы Анна Гавальданың шығармаларын қызыға оқимын. Енді көзі қаракты оқырман қауымға осы автор, оның шығармалары туралы ойымды білдіргім келеді.

Анна Гавальда Франциядағы бүгінгі жас жазушылардың ішіндегі ең танымалы. Оның үш кітабы дүние жүзінің отызға

тарта тіліне аударылып, жалпы таралымы үш миллионға жетті. Ең алғашқы «Жолымды тосып жүрген біреу бар деп алаңдаймын» атты новеллалар жинағы 2000 жылы Франциядағы әдебиет саласының ең мәртебелі сыйлығы Гран Приге ие болды. Қаламгердің «Мен оны сүйіп едім» атты романының желісімен көркем фильм түсірілді. Новеллалары мен романдары оқырмандарын өзінің тартымды сюжетімен, тілінің шұрайлылығымен баурап алады. Анна Гавальданың кітаптары кітапханаға көптеп түсуде. Бір өкініштісі, орыс тіліндегі аудармасы ғана. Қаламгердің француз тілінен тікелей аударылған новеллалары да бар. 2012 жылы жарық көрген «Әлем әдебиеті», «Жұлдыз», «Жалын» журналдарынан

НОВЕЛЛАШЫ

АННА ГАВАЛЬДА

оқуға болады. Жұлдыз журналының №3 санында «Есімде сол бір кез...», Әлем әдебиеті журналының №3 санында «Жазылмалы төсек», «Жалынның» №12 санында «Қызмұңы немесе опель мінген жігіт» атты шығармалары жарық көрді.

Мен жазушының «Есімде сол бір кез...» атты новелласына тоқталып өткім келеді. Шығарманың басты тақырыбы – махаббат және отбасына деген адалдық, өмірмен

қатар жүретін өлім. Басты кейіпкері Пьер, оның студенттік кезде танысып кейін өмірлік махаббатына айналған Елена және үш баласының анасы болған жары. Тағдырдың тауқыметімен гашығынан көз жазып қалған Пьер өзі сүймесе де өзін құдай сүйген қызға үйленіп, үйлі баранды болып, үш бірдей перзент көреді. Алайда Еленаны еш ұмыта алмайды. Әйелі күйеуінің жан дүниесінде болып жатқан арпалысты сезіп, жаны жараланып жүрсе де отбасының бірлігі мен берекесін кетірмей, отағасының жағдайын жасап, балаларына үлгілі ана бола білді. Тағдырына мойынсұнып көндіккен Пьердің сүттей ұйып отырған отбасының шырқын бірнеше жыл өткеннен кейін ғайыптан пайда болған Еленаның телефон арқылы кездесуге шақыруы бұзады. Бірақ Еленаның Пьердің отбасын бұзайын деген ешқандай ойы жоқ еді, тек тәні жазылмас дертке шалдығып, өмірмен қош айтысар сәтте



Пьердің жүзін бір көрсем деген соңғы тілегі еді.

Осы новелланы оқып отырып мен сонау Франция елінде орын алған оқиғалардың ішінде жүргендей әсер алдым. Бір ғажабы, Анна Гавальданың осы новелласындағы кейіпкерлердің отбасына деген адалдық, балажандылық, еңбекқорлық, француз әйелдерінің ер азаматтарын пір тұтып құрметтеуі, бәрі қазаққа да тән екенін сезініп, сүйсінесін.

Ардақ Орынбайқызы,
орталықтандырылған
кітапхананың қызмет көрсету
бөлімінің меңгерушісі